

Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісі құрылысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қыркүйектегі N 926 Қаулысы

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "KEGOC" АҚ) іске асыратын "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісі құрылысының" жобасын тиімді қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "KEGOC" АҚ-пен мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім жасассын;
2) Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне (бұдан әрі - Банк) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдік беру лимитінің шегінде 100000000 (бір жүз миллион) АҚШ доллары мөлшерінде тартылатын қарыз бойынша "KEGOC" АҚ-тың міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен "KEGOC" АҚ-тың мемлекеттік кепілдік алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз етсін.

3. Банк "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісі құрылысының" жобасын қаржыландыру үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қаржылық қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

4. "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 125 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы "ашық" деген сөз алынып тасталсын;
мәтіндегі "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "KEGOC" АҚ) заңнамада белгіленген тәртіппен жалпы жобалық құны 326000000 (үш жүз жиырма алты миллион) АҚШ доллары тұратын үш сымды фазасымен бірге жоғарыда аталған электр беру желісінің техника-экономикалық негіздемесін, жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу мен

құрылысын салуға арналған кредиттік қаражатты қарызға алуды жүзеге асыруға рұқсат етілсін; " ;

көрсетілген қаулымен мақұлданған Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісі құрылысын техника-экономикалық талдауда "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК